«BGlobal Ventures Ltd.» жеке компаниясының қызметінің қосымша және (немесе) өзгертілген түрлерін жүзеге асыруды жоспарлайтын тауар нарықтарына зерттеу жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Нарық субъектісінің атауы: «BGlobal Ventures Ltd.» жеке компаниясы *(бұдан әрі - Компания)*.

2. Құрылтайшылар (қатысушылар) туралы мәліметтер:

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына кіретін «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ.

3. Жүзеге асырылатын қызмет түрлерін өзгерту мақсаты:

Экономиканың агроөнеркәсіптік кешен, өңдеу өнеркәсібі, денсаулық сақтау мен білім беру, көлік пен логистика, ақпарат және байланыс, энергетика, жасыл технологиялар, ақпараттық технологиялар, туризм сияқты басым салаларындағы, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыруға және экспортқа бағытталған өзге де жобаларды қаржыландыратын тікелей инвестициялар қорларын басқару қажеттілігіне байланысты, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның, Жалғыз акционердің стратегиялық құжаттарына сәйкес өзге де секторларда қызметті жүзеге асыру үшін.

4. Жарғылық құжаттарға сәйкес жоспарланған мәлімделген жаңа/өзгертілетін/алынып тасталатын қызмет түрлері:

ЖАҢА
1) Қорлар активтерінің портфелін сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет.
АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ
жоқ
ӨЗГЕРМЕЛІ
жоқ

5. Заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан мәлімделген түрлерді айқындау:

Кәсіпкерлік кодекстің *(бұдан әрі - Кодекс)* 192-бабының 1-тармағына сәйкес акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Тиісті тізбе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен бекітілген *(бұдан әрі - Тізбе)*.

Тізбе қызмет түрлерін *(5 таңбалы ЭҚЖЖ)* компанияларға – мемлекеттік кәсіпорындарға, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларға және олармен үлестес

тұлғаларға жеке байланыстыру; квазимемлекеттік сектордың әрбір субъектісі үшін қызметті жүзеге асырудың (ҚР өңірлерінің) географиялық шекараларын бекіту; мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың белгілі бір тауарлар мен қызметтер нарығында болу (қызметін жүзеге асыру) мерзімдерін қамтиды.

Статистика саласындағы уәкілетті органның – Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің Ұлттық статистика бюросының *(бұдан әрі - Бюро)* жауабына сәйкес Компания жүзеге асыру үшін мәлімдеген «Қорлар активтерінің портфелін сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет» қызмет түрі 66.30.2 «Қордың активтер портфелін сенімгерлік басқару қызметі» ішкі классында жіктеледі.

Тиісті бес таңбалы ЭҚЖЖ Тізбеде көзделген.

Демек, Бюро тиісті ЭҚЖЖ-ға жатқызған Қоғам жүзеге асыруы үшін мәлімделген қызмет түрлері Тізбе талаптарына сәйкес келеді.

Бірақ, Тізбеге сәйкес Компания жоғарыда көрсетілген қызмет түрлері шеңберінде қызметті жүзеге асыратын субъектілерінің тізіміне енбеген.

II. ТАУАР НАРЫҒЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

6. Тауар нарығын және оның географиялық шекараларын анықтау: Қазақстан Республикасы.

7. Жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің қайталануына жол бермеу мақсатында тауар нарығында әрекет ететін нарық субъектілерінің санын айқындау:

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистика деректері бойынша 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Статистикалық бизнес-тіркелімнен мемлекеттік және жеке меншік нысанындағы жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар мен филиалдардың, сондай-ақ экономикалық қызметтің сұратылған түрлеріне сәйкес жеке кәсіпкерлердің саны:

ЭҚЖЖ	Негізгі ЭҚЖЖ бойынша субъектілердің барлығы	о.і. мемлекеттің қатысуымен	Екінші ЭҚЖЖ бойынша барлығы	о.і. мемлекеттің қатысуымен
66.30.2	84	1	28	-

III. ЫҚТИМАЛ СЦЕНАРИЙЛЕРДІ АНЫҚТАУ ҮШІН ТАУАР НАРЫҒЫНА ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ

8. Ықтимал сценарийлерді анықтау үшін тауар нарығына зерттеу жүргізу нәтижелері:

Тізбемен мемлекеттік кәсіпорындармен, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыруға рұқсат берген қызмет түрлері бекітілген.

«BGlobal Ventures Ltd.» жеке компаниясы Жарғысына енгізу үшін мәлімделген қызмет түрі Тізбеде **көзделген**.

Бұл ретте, Тізбеде акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарға, заңды тұлғаларға және олармен үлестес тұлғаларға қызмет түрлерін (5 таңбалы ЭҚЖЖ) жеке байланыстыру; квазимемлекеттік сектордың әрбір субъектісі үшін қызметті жүзеге асырудың (ҚР өңірлерінің) географиялық шекараларын бекіту қамтылады; акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың болу (қызметін жүзеге асыру) мерзімдері.

Сонымен қатар, Компания 66.30.2 «Қордың активтер портфелін сенімгерлік басқару қызметі» шеңберінде қызметті жүзеге асыратын субъектілерінің тізіміне енбеген.

Компания «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 19/22 шешіміне сәйкес құрылды.

Компания қызметінің мақсаты ерте сатыдағы технологиялық стартаптарға инвестиция салатын және экономиканың өсуін ынталандыру үшін капиталды, сараптаманы және инновацияларды біріктіре отырып, бизнеске, басқарушы компаниялар мен корпорацияларға қолдау көрсететін венчурлық даму ұлттық институты ретінде Қазақстан мен Орталық Еуразиядағы венчурлық экожүйені және венчурлық капитал нарығын дамыту болып табылады.

Компанияның Жалғыз акционерінің Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі шешіміне (№ 07/25 хаттама) сәйкес Қордың қызмет ету мерзімі қосымша 2 жылға ұзарту мүмкіндігімен 10 жылды құрайды.

Сонымен бірге, Компанияның Жалғыз акционерінің Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен (№ 31/25 хаттама) Қордың қызмет ету мерзімі 2065 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «BGlobal Ventures Ltd.» жеке компаниясы үшін шекараларды (Қазақстан Республикасы) белгілеу бөлігінде **Тізбеге** толықтырулар енгізуді көздейтін нормативтік құқықтық актіні **әзірлеген жағдайда,** Агенттік Компанияның жарғылық қызметінің түрін 66.30.2 «Қордың активтер портфелін сенімгерлік басқару қызметі» *(ЭҚЖЖ 66.30.2 «Қордың активтер портфелін сенімгерлік басқару қызметі»)* экономикалық қызмет түрімен кеңейтуді келіседі.

Бұған қоса, 2022 жылғы 15 желтоқсандағы «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының № 19/22 шешімінің 1-тармағына сәйкес «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік компаниясына, оның ішінде «BGlobal Ventures Ltd.» жеке компаниясы бекітілген тізбеге сәйкес келмейтін қызмет түрлерін жарғылық құжаттардан алып тастау

жолымен өздерінің ведомстволық бағынысты *(акцияларына (қатысу үлестеріне) тікелей немесе жанама иелік ету елу пайыздан астамды құрайтын)* заңды тұлғаларының қызмет түрлерін **2026 жылғы 1 қазанға дейін сәйкестендіру тапсырылған**.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Агенттік бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **бұған дейін келісілген қызмет түрлерін кері қайтарып алу** құқығын өзіне қалдырады.

Экономикалық шоғырлану
және мемлекеттік кәсіпорынды
бақылау департаментінің
директоры **Ж. Ермағамбетов**

ЛИСТ РЕШЕНИЙ

Входящий документ № 34 от 28.04.2026

Наименование проекта: Продление срока. Частная компания «BGlobal Ventures Ltd.». ОКЭД 66.30.2

Исполнитель: MetaDoc A., Администратор системы (Отдел внедрения MetaDoc),

Подписано:

Самбетов Болат Куанышбекович (Государственное учреждение "Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан")

Дата подписания: 28.04.2026, 11:06

Серийный номер сертификата:1d9b696e0e7e307f18a783b0bf6301ee44883a0b

Срок действия сертификата: 20.10.2028

ШЕШІМДЕР ПАРАҒЫ

28.04.2026ж. № 34 Входящий документ

Жоба атауы: Продление срока. Частная компания «BGlobal Ventures Ltd.». ОКЭД 66.30.2

Орындаушы: MetaDoc А., Жүйе әкімшісі (Отдел внедрения MetaDoc),

Қол қойылды:

Самбетов Болат Куанышбекович (Государственное учреждение "Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан")

Қол қойылған дата: 28.04.2026, 11:06

Сертификаттың сериялық номері:1d9b696e0e7e307f18a783b0bf6301ee44883a0b

Сертификаттың жарамдық мерзімі:20.10.2028

DECISION SHEET

№ 34 from 28.04.2026

Project name: Продление срока. Частная компания «BGlobal Ventures Ltd.». ОКЭД 66.30.2

Executor: MetaDoc A., System administrator (MetaDoc Implementation Department),

Signed:

Самбетов Болат Куанышбекович (Государственное учреждение "Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан")

Date signed: 28.04.2026, 11:06

Certificate serial number:1d9b696e0e7e307f18a783b0bf6301ee44883a0b

Certificate validity period:20.10.2028